Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	**Картотека № 4** Пед жет ойын: «Затты сипаттау» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттауды өз ойын айтуды біледі 4К моделі, бала үні	**Картотека № 6** Құрлымдалған ойын: «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы түсінеі. Суреттен топтай аады. 4К моделі, бала үні			**Картотека № 14** Құрлымдалған ойын: «Гүлдер біздің досымыз» Мақсаты: гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын түсінеді. 4К моделі, бала үні
	ТАНЫМ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ				
Таңертеңгі гимнастика	**Таңғы жаттығулар кешені №8** **Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдайды.**				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау **Бата беру**Басыңа алла бақ берсін Не берсе де нақ берсін Білім нақыл айтуға Жалықпайтын жақ берсін				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	**1.Құрастыру.** **Тақырыбы:** Ауылым. **Мақсаты:** Конструктор бөлшектерінен қалашық құрастыра алады. **Күтілетін нәтиже:** Сюжеттік ойын міндеттерін пайдалана отырып ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан заттар құрастырады. **Ресурстар:** лего ойыншықтары,құрылыс	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:**Рәміздер **Мақсаты:** Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер туралы түсінеді, берілген сұрақты тыңдай отырып, оған жауап алады. **Күтілетін нәтиже:** Тұңғыш президент туралы түсінікке ие.			**(01.12.20 ж)** **1. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Біз тұратын ауыл **Мақсаты:** Өздерінің ауылы туралы әңгімелеп бере алады. **Күтілетін нәтиже:** сөздерді жекеше, көпше түрде және септік жалғауларын қолданады.

	материалдары, бейнетаспа **Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, топқа бөлу. **ҰОҚ жүргізілу барысы.** Балалар, бүгін мен сендерге туып өскен жеріміз, ауылымыз жайлы айтамын. **Ой қозғау.** балалар сендер қай ауылда тұрасыңдар ? **жетелеуші сұрақтар** **Бейне таспадан ауылды тамашалау.** **«Топтастыру» әдісі саралауТопқа бөлу.** Лего ойыншықтары және құрлыс ойыншықтары арқылы топқа бөлу. Екі топ өз ауылдарын гүлдендіріп құрастырады. **Құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.** Креативтілік, сыни ойлау **Өз беттерінше жұмыс.** Бақылау, жеке көмек көрсету. Саусақ жаттығуы Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаң да, Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. Балаларды мадақтау. **Қорытынды:** Кері байланыс.Жетелуші сұрақтар Бала үні Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау. Балаларды мадақтау. Көңілді смайктер беру. **2.Дене шынықтыру** **Ресурстар:** Доп, жіп, **Әдіс-тәсілі:** 4К. бала үні, саралау, жаппай бақылау. Топтастыру әдісі **І.Кіріспе бөлім.** Бір қатар сапқа тұру.	**Ресурстар:** үнтаспа, рәміздер суреттері **Әдіс тәсілдер.** Ашық сұрақтар, заряд алу әдісі **ҰОҚ жүргізілу барысы.** **Ой қозғау** **«Доп лақтыру»** арқылы жыл мезгілін апта күнін сұрау Үнтаспадан гимн тыңдату. Балалар орнынан тұрып бірге қайталайды. **Ашық сұрақтар** Балалар не тыңдадыңдар? Біздің Отанымыз қалай аталады? Қазақстанның бас қаласы қай қала? Біздің еліміздің президенті кім? Сыни ойлау, Коммуникативтілік дамыту. Балаларды мадақтау. **Ой дамыту.** **Суретпен жұмыс.** Рәміздер суретін көрсету. Рәміздердің әр бөлігін талдату. Ту, Елтаңба, Гимн Балалар кейбір жаңадан келген балалар таныганымен толық білмеулері мүмкін таныстырып өтемін 4 К моделі, бала үні. **Сергіту сәті:** (Заряд алу әдісі) Қазақстан үйіміз Біз Отанның гүліміз Желбірейді туымыз Достық біздің жырымыз Пед жет ойын. «Доп лақтыру» Шарты:Әр сөздің сұрақтарына қарай жауап беру керек			**Ресурстар:** АҚТ аудио, тақырып бойынша көрнекіліктер **Әдіс-тәсілі:** 4Ккомандада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. **ҰОҚ жүргізілу барысы.** **Суретпен жұмыс** Тақтаға ауылдың таныс жерлері мен ғимарат-тардың суреттерін іліп, балалардың назарларын суретке аударып, сұрақтар қою. -Мына суреттер сендерге таныс па? -Біз тұратын ауыл қалай аталады? 4К моделі, бала үні, мазмұн арқылы саралау. **Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру.** Пед жет жұмыс. Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу,неткен көркем, Осы менің туған өлкем! **Ой қозғау.:** -Балалар,өлең ұнады ма? Не туралы жазылған? Сыни ойлау, бала үні, блум таксономиясы. Мадақтау **Сергіту сәті.** Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып Бой сергітіп алайық. Құрлымдалған ойын: «Бөлшектерді құрастыр» Шарты: Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады. Креативтілік дағды, сыни ойлау, бала үні

	Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру **Негізгі бөлім:** **1.** Аяқтары алшақ , таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту. / 6 рет қайталау/ **Б. қ.: «Күш жинау»** **2.**Аяқтар алшақ қойылған, таяқша кеуде тұсында. Таяқшаны жоғары көтеріп-түсіру. /6 рет қайталау/ **Б.қ.: «Қайықшы»** **3.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды. Таяқшаны «ескек» сияқты ұстап, еседі. Таяқшаны жоғары-төмен көтереді. /6 рет қайталау/ **Б.қ.: ««Атлет»** **4.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды, 1- отырады, арқаны түзу ұстап, екі қолмен таяқшаны алға қарай көтереді, 2- тұрып қолды төмен түсіреді. 3- б.қ. (6 рет қайталау) **Б.қ.: «Өрмелеу»** **5.** Аяқтарын алшық қою, таяқша жанында тік ұстайды. 1- 4 отырып қолдарын кезектестіріп таяқшаның басына дейін көтеріледі. 5- б.қ. /6 рет қайталау./ **Б.қ.: «Құтқарушы таяқшасы»** **6.** Аяқтарын алшық қою, таяқша жанында жерде. 1 - екі қолмен таяқшаны ұстап, 2-3 серіппелі қимылмен отырып - тұру. 4- б.қ. (6 рет қайталау) **Б.қ.: ««Бұғы»** **7.** Аяқтарын түзу ұстайды. Таяқшаны желкеге қойып, екі аяққа кезекпен құлай жүгіру . (15-20 секунд) **Тыныс алу жаттығулары:** «Жұпар гүл»	Елтаңба – не бейнеленген? (шаңырақ,тұлпар, Қазақстан, егін, жұлдыз) Ту – қандай? (көгілдір, төртбұрышты, әдемі, белгілі) Әнұран – не істейді? (шырқайды, айтады, жаттайды) .Қорытынды: Кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, бала үні Балалардан бүгінгі оқу қызметінен үйренгендерін сұрау . Балаларды мадақтау **2.Музыка** (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)			**Қорытынды.** Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау. Не туралы әңгімелестік? Туған жер дегеніміз не? -Біздің аулымыз қалай аталады? Бала үні. Балаларды мадақтау. **2. Музыка** (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)

	- мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау **Қорытынды:** 4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру./таяқшаларды үстел үстіне қою/ бір саппен шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру. **Негізгі қимыл-жаттығулары:** 1.Допты жоғары қарай лақтыру, қос қолымен қағып алу. 2.Сызықтардың үстінен қос аяқпен секіру Өнім арқылы саралау, тікелей бақылау, сыни ойлау, бала үні. **Қим ойын: «Ұстап ал!»** Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейін-дерін, байқағыштық-тарын, жүгіру дағды-ларын дамыту. Командамаен жұмыс, креативтілік. Қортынды Балаларды мадақтау.				
Серуенге дайындық	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландырады.				
Серуен:	**Серуен №16** Қардағы іздерді бақылай білу ***Бақылау*** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі крест сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. ***Көркем сөз*** *Ойын ойнап ,міне біз, Қыс*	**Серуен №18** Аула сыпырушының еңбегін бақылау ***Бақылау*** Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула сыпырушы көмектесті. Балалардан аула сыпырушының жаздағы жұмысқа қарағанда қыстағы жұмысының ерекшелігі неде екенін сұрау.Аула сыпырушының қар тазалау кезіндегі саймандары			**Серуен №26** Көшені бақылау ***Бақылау*** Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әр түрлі екендігін үйрету және балабақша қай көшеде орналасқандығын білу. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу.(дүкен, дәріхана, банк, почта,колледж, кітап баспасы және т.б.). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әрқайсысы істеген жұмысы басқаларға жақсы және ыңғайлы

	қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. **Жұмбақ** Мен кетемін, ол қалар. (із) ***Тақпақтар*** « Алғашқы қар» Т.Мұратұлы. Көктемгі шие гүлі ме, Қарғалар көкте жай ұшып, Сала ма еске мақтаны. Бірінен –бірі озбайды. Қар жауып тұрды түнімен, Ағаштар үнсіз майысып, Күн шыға барып тоқтады. Сынып бір кете жаздайды. **«Қар»**, Т.Шопашов Жауды,міне,қар аппақ, Қазақ жері-сәніміз, Қазақ жері-бағымыз. Мәуесі мол бағымыз. Қойнауынан мөп-мөлдір, Саясында жетілер, Сусындайды жанымыз. Балдай бала шағымыз. **Қозғалыс ойындары «Нысана»** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу.Қызығушылықтарын арттыру. *Еңбек қызметі.* **Ұяны тазалау** Өз беттерінше және жауапкершілікпен ұяны тазалап, еңбектерін бағалай білуге үйрету. *Дидактикалық ойындар. Эксперименттер және тәжірибелер* **«Іздің құпиясын кім тез табады?»** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту. **«Не себепті құстардың ізі, үзілетіндігін түсіндіру»** (құстар ұшады,қанатын және құйрығын ашқандықтан- қарда басқа із қалдырады). *Өз бетінше іс-әрекет:* Ойын барысында балалар өзара қарым-қатынас жасау арқылы норманы және ережені меңгеру қабілетін ояту(жүргізу мәдениеті, достық, ұжымдық түсінушілік). **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**	жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы білімдерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу. ***Көркем сөздер*** *Еңбек-қуаныш,жалқаулық-айырылмас азап. Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа,шаттыққа бөленеді.Еңбексүйгіштік, еңбекқорлық және еңбекті бағалай білген адам өмірде құрметке бөленеді.* **Мақал-мәтелдер**Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. Ердің атын еңбек шығарады. Ер дәулеті-еңбек. **Тақпақ** «Болайықшы осындай...», А.Меңжанов. *Жақсы бала еңбекшіл, Таза бала мұнтаздай, Ер азамат болады. Сүйсінеді қараған. Қиындықты жеңіп кіл, Ұқыпты деп бұл қандай, Құшағы гүл толады. Жақсы көрер бар адам. Еңбекшіл осындай, Еңбекшіл осындай Болайықшы, досым-ай. Болайықшы, досым-ай.* *Қозғалыс ойындары «***Кім күшті»** *(*қазақтың ұлттық ойыны) Жаттығу жасау барысында еңбектену-жолдасыңның өзіңе қарай тартылуы; дұрыс отыруын қадағалау. Жолдасыңның жетістігіне, жеңілісіне көңіл аудара білу. *Еңбек қызметі* **Аула сыпырушыға көмек**Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу.			болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет.Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету. ***Көркем сөз*** *Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. (милиционер)* **Жұмбақ** Үйден басталады, Үймен аяқталады. (жол) *Қозғалыс ойындары* **«Бос орын»** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі-оңға, басқасы-солға), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу.Ойын талаптарын орындауға үйрету. *Еңбек қызметі* **Алаңдағы құралдарды қардан тазарту(сырғанайтын жер, алтыбақан және т.б.).** Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. *Дидактикалық ойындар. Эксперимент және тәжірибелер***«Не істейміз, кім боламыз?»** Бала бойынан жақсы көретін мамандықты, қимыл-қозғалыс арқылы кім болғысы келетіндігін көрсете білуін бекіту.**«Мұздағы оюлар»** Тапсырмаға деген шығармашылық және эстетикалық сезімдерін дамытып, қар бетіне боялған мұздардан әшекей салуға деген қызығушылықтарын ояту.Топтың ең үздік әшекейі атты сайысқа қатысуға деген талаптарын арттыру. *Өз бетінше іс-әрекет* Балаларға өз рөлдерін және қарсыластарының рөлдерін біліп, 2-3 рөлде кезекпен

		Еңбек мәдениетін қалыптастыру (құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау). *Дидактикалық ойын. Эксперименттер және тәжірибелер.* **«Ұқсас-ұқсас емес»** Балаларды белгі бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету (құралдары, түрі, белгісі). *Өз бетінше іс-әрекет* Біріккен ойындарда өз тәртібіне жауап беруге тәрбиелеу,ойын әрекетін ұйымдастыруға талпыну. **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**			ойнап; бағыну, басқару, теңдік-қарым-қатынас ретінде- рөлдік ойын ережесін білу. **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**
	Қысқы серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалауБұл бала қай бала Пай-пай тап-тазаАқ қаздай Киімі мұнтаздайЖарайсың балақай! Дейміз біз мадақтай Бала үні				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	**№51. Ояну** Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. 4 к моделі, бала үні	**№71. Ояну** Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық**.** 4 к моделі, бала үні			**№51. Ояну** Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. 4 к моделі, бала үні
	«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН.				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.Нан қиқымын шашпаңдарЖерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлепТорғайларға тастаңдар				
Ойындар, дербес әрекет.	«Дәрігер» сюжетті-рөлді ойын **Мақсаты:** берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалар топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін	Еркін ойын: «Құрылысшылар» сюжетті-рөлді ойын **Мақсаты:** сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс			Құрлымдалған ойын: «Пошта» сюжетті-рөлді ойын **Мақсаты:** Ойын кезінде балалар ауыспалы заттарды қолдануды және өз

	қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыра алады. **4 к моделі, бала үні** **В/К: «Балдырған музыкант»** Тақырыбы: «Кішкентай оркестр» (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	материалдарын қолданып келісіммен берілген жұмысты жасай алады. **4 к моделі, бала үні**			қиялынан туған жағдаятты түсініп соған сәйкес әрекет ете алады. **4 к моделі, бала үні**
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Аяла, Айару, Абдуллах Саусақ жаттуғуы «Қоян» Мақсаты: Қысқа тақпақтар, өлеңдер жаттай алады. **4К моделі, бала үні.**	Искандер, Құрманғазы, Сумая, Аян«Мысық» Мақсаты:Ермексазды түрлі пішіндерге келтіріп,одан заттарды мүсіндей алады**4К моделі, бала үні.**			Аян, Нуриман, Аяла «Қуыршаққа жиһаз» Мақсаты: Құрылыс материалдарының қасиеттерін ажырата алады. **4К моделі, бала үні.**
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	**Серуен №16** Қардағы іздерді бақылау **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**	**Серуен №18** Аула сыпырушының еңбегін бақылау**4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**			**Серуен №26** Көшені бақылау **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**
	ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕНДІ ҚАЙТАЛАУ				
Балаларды ң үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескертеді. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелейді.Ата-аналарға үйдегі жиһаздар неден , қалай жасалады, сол туралы балалрмен әңгімелесуді айтады.				

ЦИКЛОГРАММА
«Құлыншақ» ортаңғы тобы
бір аптаға 21.12-25.12. 2020жыл

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.12	Сейсенбі 22.12	Сәрсенбі 23.12	Бейсенбі 24.12	Жұма 25.12
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдайды.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	**Картотека № 18** **Құрлымдалған ойын:** **«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»** Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретін айта алады. 4К моделі, бала үні.	**Картотека № 19** **Құрлымдалған ойын:** **«Қысқы тіршілік»** Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын атап, оларды ажырата алады. 4К моделі, бала үні.	**Картотека № 20** **Құрлымдалған ойын:** **«Орнын тап»** Мақсаты: балалар өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын атап суреттен таба алады. 4К моделі, бала үні.	**Картотека № 21** **Пед жет ойын:** **«Балық аулау»** Мақсаты: сұрақтарға жауап бере алады. 4К моделі, бала үні.	**Картотека № 16** **Құрлымдалған ойын:** **«Қоянға көмектесеміз»** Ойын мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажырата алады. 4К моделі, бала үні.
	Таным саласы картотекасынан				
Таңертеңгі гимнастика	Таңғы жаттығулар кешені №8 **Мақсаты:** Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдайды.				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу «Таза қолдар». Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелейді. Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулиды.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындайды.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	**(16.12.20 ж)** **1.Математика негіздері** **Тақырыбы:**Жоғарыда, төменде, сол жағында, оң жағында, астында. Шаршы, тіктөртбұрыш. **Мақсаты:**Кеңістік қатынастар (сол жағында, оң	**(17.12.20 ж)** **1. Жаратылыстану** **Тақырыбы:** Қанатты достар **Мақсаты:** Қыстап қалатын құстардың тірішілігі туралы	**(18.12.20 ж)** **1.Сурет салу** **Тақырыбы.** Ту **Мақсаты:**Толқынды және түзу сызықтарды, тудың суретін сала алады. **Күтілетін нәтиже**: сурет	**(04.01.21 ж)** **1.Қоршаған ортамен танысу.** **Тақырыбы:**«Қысқы еңбек» **Мақсаты:** Өзгенің еңбегін нәтижесіне құрметпен қарап, ниетін көрсетін көмек бере алады.	**(07.01.21 ж)** **1.Жаратылыстану** **Тақырыбы:** Бөлме өсімдіктері **Мақсаты:** Гүлдің бөліктерін атай білуге үйренеді. Тәжірибе

	жағында, үстінде, алдында) туралы түсініп,геометриялық пішіндерді тани алады. **Күтілетін нәтиже**: Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтайды. **Ресурстар:** кубик, ойыншықтар,пішіндер **Әдіс тәсілдер.** Ашық сұрақтар, заряд алу әдісі **ҰОҚ жүргізілу барысы.** **Қызығушылықтарын ояту.** **Өлең оқу.** Аппақ,аппақ,жапалақтап, Қар жауады тынбастан. Қалың орман қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан. -Балалар, өлең не туралы? Балалар қардың артында тапсымалар бар екен, орындаймыз ба? Сыни ойлау, бала үні **1-тапсырма:** Құрлымдалған ойын: «Пішіндерді орналастыр» Шарты: Қағаздың жоғарысына дөңгелекті, төменіне үшбұрышты, оң жақ бұрышына шаршыны, сол жақ бұрышына сопақшаны орналастырыңдар. Сыни ойлау, бала үні. **Балаларды мадақтау.** **2-тапсырма** :Пед жет ойын: «Кім тез айтады?» Шарты: Топтағы заттардың қайсысының төрт бұрышы бар? Сыни ойлау, бала үні Балаларды мадақтау. **Сергіту сәті.**	түсінік алады. **Күтілетін нәтиже:** Құстардың мнез-құлқындағы ерекшеліктерге назар аударады. **Ресурстар:** үнтаспа, құстардың суреттері, **Әдіс тәсілдер.** Ашық сұрақтар, заряд алу әдісі **ҰОҚ жүргізілу барысы.** Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Барлық жемін бітеудей асайды, Әйтсе де ұзақ жасайды. Бұл нелер? (Құстар) Сыни ойлау, бала үні **АҚТ технол жұмыс. Үнтаспа** Құстарының дауысын тыңдату. Балалар, сендер ненің дауысын естіп тұрсыңдар? Сыни ойлау, бала үні **Ой дамыту** **АКТ технологиясы.Слайд.** Қыстап қалатын құстар: торғай, сауысқан, көгершін, қарға туралы түсінік беру. Мазмұн арқылы	салу техникасының бастапқы дағдыларына ие. **Ресурстар:** хат**,** әр балаға ақ қағаз, бояу,қылқалам, ту үлгі **Әдіс тәсілдер.** Ашық сұрақтар, заряд алу әдісі **ҰОҚ жүргізілу барысы.** **Ресурстар:** хат**,** әр балаға ақ қағаз,бояу,қылқалам, ту үлгі **Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, галерия шарлау **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:** **Қызығушылықтарын ояту.** Пошташы хат әкелді. Бұл хатты бізге көрші мемлекет Ресейден жіберіпті, кәне қазір мен сендерге оқып берейін.. - Балалар, мына хата біздің көрші мемлекеттік балалары бізбен танысып, дос болғылары келетіні жайында жазыпты, және біздің Қазақстан Республикасы жайында не білетініміз туралы айтып бергендерімізді сұрайды. Қазақстан еліміз туралы айтып береміз ба? Балалар, сендер Қазақстан Республикасы жайында не білесіңдер? Отан туралы не білесіңдер? Балаларды мадаақтау. Достарына Қазақстан елінің Ту салып беру. Сыни ойлау. Коммуникативтілік дамыту. **Сурет салудың әдіс тәсілдерін**	**Күтілетін нәтиже:** ересектерге көмек көрсетуге ынта білдіреді. **Ресурс:** суреттер. **Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі, сараптау, бақылау. **ҰОҚ барысы:** Шеңбер жасап тұрып, Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз. - Балалар, мен сендерге өлең жолдарын оқып бергім келіп тұр. Шанамен зырғып желетін, Коньки, шаңғы тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсыңдар балалар? -Жарайсыңдар балалар, қыс мезгілінің белгілерін білеміз бе? - Ендеше, боран соққанын қимылмен қалай көрсетеміз? - Қатты аяз болып, тоңғанда не істейміз? -Ал, күн шыққанда не істейсіңдер? -Қыс мезгілі туралы тақапқ білесіңдер ме? -Жарайсыңдар балалар! Енді қыс айларын атайықшы *Желтоқсан - жылдың аяғы,	жұмыстарын жүргізуге қызығушылық таныта алады. **Күтілетін нәтиже**: Гүлдің бөліктерін атайды. **Ресурс:** бөлме гүлдері, қуыршақ дәрігер. **Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі, сараптау, бақылау. **ҰОҚ барысы:** Педагог балалардың назарын топтағы бөлме гүлдеріне аударады.-Мыналар нелер?-Гүлдер не ішінде өсіп тұр?-Мұндай гүлдерді қалай өсіреміз-Дұрыс,бұл гүлдер бөлмеде өседі.Сондықтан оларды бөлме өсімдіктері деп атайды.Бөлме өсімдіктері ауаны тазартады.**Білімді өзектендіру.<u>ПЖО</u>:** **«Сипатынан таны»** -Қазір мен бір өсімдікті сипаттаймын ,ал сендер қандай өсімдік екенін табындар.-Жапырақтары

	Оң қолымда бес саусақ Сол қолымды бес саусақ Қосссақ егер екеуін Болады екен он саусақ. **3-тапсырма**. Пед жет ойын: «Сөредегі ойыншықтар» Шарты: ойыншықтардың қай жерде орналасқанын айтады. -Қане, доп қай жерде тұр? -Ол ненің қасында тұр? Неден жоғары, неден төмен, қай заттардың ортасында тұр? т,б Сыни ойлау, бала үні, комуникативтілік дағды. Балаларды мадақтау. **4-тапсырма.** Құрлымдалған ойын: «Қандай пішінге ұқсайды?» Шарты: Ұқсас пішіндерді топтау. **Қорытынды.** Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Балалар қандай тапсырмалар орындадық? Көңілді смайлктер беру. **2.Орыс тілі** Тема: Моя родина – Казахстан. (повтор) **Цель:**Қазақстан туралы мнемо кестені пайдаланып әңгіме құрастыра алады. Қарапайым заттарды түсінеді және оларға орыс тілінде қысқа сөйлемдермен дұрыс жауап бере алады. **Күтілетін нәтиже:** жай сөйлемдерді құрастырады.	саралау, сыни ойлау. **Сергіту сәті.** (Заряд алу әдісі) Ептеп, ептеп, жерден бидай терейік, Тергеніңді торғайларға берейік. Торғай, торғай томпаң-томпаң секірсін, Шаршадың ба, отыра ғой деміңді ал. **Оқу ортасы арқылы саралу.** **Топқа бөлу.** 1-топ: Қарлығаш 2- топ: Аққу 3-топ : Бұлбұл **«Миға шабуыл»** Әр топқа құстар туралы сұрақтар қою. 1-топқа Қандай құстарды білесіңдер? Қыстап қалатын құстарды білесіңдер ма? 2-топқа Құстардың қандай пайдасы бар? Жыл құстары жайлы не айта аласыңдар? 3-топқа Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар?Қыста адамдар құстарға қандай көмек көрсетеді? Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау,	**көрсету түсіндіру.** Креативтілік, сыни ойлау Бала үні **Сергіту сәті**(Заряд алу әдісі) Ал балалар тұрайық, Мойнымызды бұрайық. Қолымызды созайық, Жел сияқты қалықта, Оңға,солға иіліп Денемізді бұрайық. **Жеке көмек.** Балалардың жұмысын бақылау. **Галереяны шарлау.** Кері байланыс.Жетелуші сұрақтар Бала үні Өз ара бағалау. Балалардың жұмыстарын мадақтап қорытындылау. **2.Дене шынықтыру** **Ресурстар:** Арқан, жіп , жүруге арналған тақтай ленталар. **Әдіс-тәсілі:** 4К. бала үні, саралау, жаппай бақылау. Топтастыру әдісі **Кіріспе бөлімі:** Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен қойылған заттар арасымен әр түрлі жағдайда: қолды белге қойып, екі жаққа жіберіп, артқа ұстап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жұптасып жүгіру. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. 1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі лентадан	қыстың басы ол, суық, ызғарлы. * Қаңтар - жыл басы, қыстың ортасы, ол ең қарлы ай, бұл айда қатты суық, үскірік аяз болады. *Ақпан - жел мен бораның айы. Бұл айда ең ауыр, әрі суық, дүлей боранды. -Қандай ойындар ойнайсыңдар? -Кімдермен ойнайсыңдар далада? -Дос туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер? - Балалар, қыста ауа таза болады. Сондықтан да сендер ауырмау үшін, денсаулықтарың мықты болу үшін таза ауада ойнауларың керек. Ойын арқылы денелерің шынығады. **Жұмбақтар шешу** **1.** Шелек қалпақ басында,сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, тауып көрші сен оны. **2.** Қолы менен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады көп. **3.** Қоймасын қыс ақтарып, Жерді жапты ақ мамық. **4.** Қыста шыны боп қатады, Жылыда су боп жатады. Адам баласы еңбек арқылы дамып жетіледі. Еңбек ету арқылы көптеген белестерді бағындыра алады. Еңбек	сопақша,үлкен,түсі қою жасыл.Бұл қай өсімдік?(Фикус гүлін көрсетеді)-Бүгін сендер жаңа бөлме өсімдігі-хош иісті қазтамақпен таныстырамын.Қазтамақтың сабаға жасыл,шырынды,сабағынын бойымен хош иіс беретін жапырақтары өседі.Оның гүл шоғырлары хош иісті және әртүрлі түсті болады,бірақ көбіне қызыл гүлі бар қазтамақтар көп кездеседі.**Тыныс алу жаттығуы:** «Гүлдердің хош иісі» -Балалар,қазтамақтың фикустан айырмашылығын қарастырайық.-Фикус қандай күтімді қажет етеді?Жапырақтарындағы шаңды немен сүртеді?-Не үшін жапырақтардағы шаңды сүртеміз?(Жапырақтары ауаны тазартады)-Өсімдіктерді қалай суару керектігін көрсетіңдерші.-Су

	Ресурс:АКТ технология, **мнемокесте,** жүрекше. **Әдіс-тәсілдер:**4К моделі, саралау, бақылау, командалық жұмыс. **ҰОҚ барысы: <u>ПЖО</u>**: «Собери картинку» Шарты: балалар бөліктерден бұтын сурет құрастыра ды, да Қазақстан рәміздерін, Нұр-сулан қаланың белгісі Байтеректі, тұңғыш және кәзіргі президенттреді атайды. Тәрбиеші Мнемокесте дайындайды. балалардың көзінше рәміздердің суретін, Байтерек пен президенттерін жапсырады. «*Столица нашей Родины Нур-султан. президент Қасым жомарт Токаев*» **<u>Құрастырымдалған ойын:</u>** «Балаларды киіндір да, ата» шарты: балалар түрлі ұлттардың киімін қуыршақтарға кигізеді. Тәрбиеші мнемокестеге оны да жапсырады. *«Здесь живут много народов»* «Жүректен жүрекке» балалар бір біріне жүректі жалғастырып Қазақстан халқына бір біріне жақсы тілек айтады. -Бақытты өмірдің белгісін қандай қылып суретін саламыз? (креатив, бала үні) Тәрбиеші мнемокестеге жүректің суретін жапсырады. «*Я люблю свою страну!»* -Міне біздің Отанымыз	комуикативтілік дағды, бала үні. Балаларды мадақтау. Құрлымдалған ойын: «Топтастыр» **Шарты:** Қыстап қалатын құстар, жыл құстарын топтастыру. **Қорытынды.** Пед жет **ойын.** «Құстар қалай дауыстайды?» Қарға------ қарқылдайды Сауысқан----- шақылдайды Тоқылдақ -------- тоқылдайды Бұлбұл – сайрайды Қаз – қаңқылдайды. Торғай – шиқылдайды. Көкек – көкектейді. Балаларды мадақтау **2.Музыка** (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Топтастыру әдісі **Негізгі бөлім:** **Б.қ.: «Басты айналдыру»** **1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстап, лента төменде.тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2-3-4 есебінде басты оңға қарай, содан соң келесі жаққа айналдыру керек. /5-рет қайталау./ **Б.қ.: «Шеңбер»** **2.** Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны 1-2 деп санағанда алдымен екі жанға, содан соң алға, қайта екі жанға, содан соң артқа қолмен кең шеңберлер жасау керек; 3 - 4 есебінде алға қарай. /5 рет қайталау./ **Б.қ.: «Лентаны жасыр»** **3.** Аяқтары иық жалпақтығында, ленталар жанда, алдыға еңкейіп, ленталарды артқа созу «жасырдым» деп айту, шалқайып, қолды алдыға созу «міне-міне» деп айту. /5 рет қайталау./ **Б.қ.: «Жоғарыда-төменде»** **4.** Аяқтарын алшық қою, ленталар қолда. Лентаны жоғары созып «жоғарыда» деп айту, төменде түсіріп «төменде» деп айту. /6 рет қайталау./ **Б. қ.: «Лентаны ілу»** **5.** Аяқтарын алшақ қойып, тізе	адамның денесін шынықтырып, мінез-құлқын қалыптастырады. Еңбектің көптеген түрі бар, соның бірі – қысқы еңбек.Қысқы еңбек түрлерімен таныстыру және оларды кімдер атқаратынын айтып түсіндіру. -Қыстыгүні көше мен аулалардың қарын күреп тазалау, ал ауылда егістік алқаптарында қар тоқтату жұмыстары жүргізіледі. Қала көшелерінде машиналардың жеңіл әрі жылдам жүруі үшін адамдар арнайы машиналармен қарды күреп тазалайды. Құрғақшылық жиі кездесетін аймақтарда қар тоқтату әдісі қолданылады. Қар тоқтату – топырақта ылғалдық біршама қорын жинап, егіс өнімділігін арттыратын жұмыс түрі. Қар күреу, қар тоқтату, құрғақшылық, ылғал. **Сергіту сәті:** Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан. **<u>ПЖО:</u>**Сурет бойынша «Қысқы еңбек» тақырыбында балаларды қатыстырып, әңгіме жүргізу. Сурет бойынша малды күтіп-баптау жұмыстары туралы	құйғыштың тұмсығын гүл ыдысының шетіне салып,суды шашыратпай суару керек.Бөлме өсімдіктерін қалай күтіп-баптау керектігін түсіндіреді.**Сергіту сәтін өткізу:***Біз гүлдерше өсеміз,Жапырағы жайқалған.Сабақтары салады,Жел күшімен шайқалған.***Таңғажайып сәт.**Есік қағылып,бөлмеге дәрігер Салауат кіреді.-Сәлеметсіңдерме,балалар!Мен мейірімді Салауатпын.Таңертең маған көжектер келіп,құлақтарының ауырып тұрғанын айтып еді.Ал менің дәрі салғышымда дәрілер таусылып қалыпты.Балалар,сендердің топтарында дәрілік өсімдіктер бар ма?-Балалар,сендерге үлкен рақмет!Сендер маған көмектестіңдер,енді мен өз достарымды

	Қазақстан туралы мнемокесте дайын. Кім айтып береді? (бала үні. балалар 4-5 шығады да мнемокесте бойынша орыс тілінде айтып береді.) Рефлексия: Вам было трудно? Понравилось занятие? Оцените свою работу. Кері байланыс «Басбармақ» **7. Дене шынықтыру.** **Ресурстар:** Арқан, жіп , жүруге арналған тақтай , ленталар. **Әдіс-тәсілі:** 4К. бала үні, саралау, жаппай бақылау. Топтастыру әдісі **Кіріспе бөлімі:** Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен қойылған заттар арасымен әр түрлі жағдайда: қолды белге қойып, екі жаққа жіберіп, артқа ұстап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жұптасып жүгіру. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. 1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі лентадан алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Топтастыру әдісі **Негізгі бөлім**: **Б.қ.: «Басты айналдыру»** **1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстап, лента төменде.тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2-3-4 есебінде басты оңға қарай, содан соң		бүгу. Ленталар төменде. Орнынан тұрып, лентаны жоғары көтеріп, лентаны ілу қимылын жасау «ілдім» деп айту. /6 рет қайталау./ **Б.қ.: «Балерина»** **6.** Аяқтарын біріктіру. Ленталар жанда. 1- оң аяқты оң жаққа көтеру, сол қолды жоғары көтеру. 2- б.қ. 3- сол аяқты сол жаққа көтеу, оң қолды жоғары көтеру. (6 рет қайталау.) **Б.қ.: «Көңілді ленталар»** **7.** Аяқтарын алшақ қою, ленталар жанда; аяқты көтеріп жүріп секіру. «Ля-ля-ля» деп айту. (10-15 секунд) **Тыныс алу жаттығулары:** Бала әтеш қанат қағады. Қолды бос жіберіп, тік тұрамыз. Қолымызды жоғары көтеріп, жанымызға ұстап, жамбасқа қойып қанат қағамыз. Демді ішке тартып, «ку-ка-ре-ку» деп шақыру. мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Өнім арқылы саралау, тікелей бақылау, сыни ойлау, бала үні. **Қорытынды:** 4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. /ленталарды себетке салу/ шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру. **Негізгі қимыл-жаттығулары:** жаттығулары	түсіндіреді. -«Еңбек»туралы мақал жатттау. «Еңбек етсең-ерінбей, Тояды қарның тіленбей» «Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды», «Жүз теңгең болғанша, Жүз досың болсын» **<u>Құрылымдалған ойын:</u>**«Артығын тап» ойынының шарты: суреттен еңбек құралдарын тауып, оларды қоршап сызады. Артық заттарды тауып айтады. Сабақта алған білімдерін пысықтайды. **2.Дене шынықтыру** 1. Бағытты өзгерте отырып жүреді және жүруден жүгіруге ауысады. Сызықтардың үстінен қос аяқпен секіреді (бір-бірінен 1м арақашықтықтағы 4 сызық). Гимнастикалық орындық бойымен қолдарын белдеріне қойып, текшелерден аттап жүреді. **Күтілетін нәтиже:** Негізгі қимыл түрлерін орындайды **Ресурстар:** Доп, жіп, **Әдіс-тәсілі:** 4К. бала үні, саралау, жаппай бақылау. Топтастыру әдісі	емдеп аламын.Сау болындар! **2.Жапсыру.** **Тақырыбы:** Гүл **Мақсаты:** Төртбұрыштардан дөңгелек пішін қиюға үйренеді. Бөліктерді ұқыпты желімдеуге үйренеді. **Күтілетін нәтиже:** бейнеленген заттарға сәйкес түрлі –түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдайды. **Ресурс:** қиылған суреттер, «Төртінші артық» ойынға суреттер, желім, ақ парақ, қиылған дайын гүл, сабағы, джапырағы. **Әдіс-тәсілдер:** 4К моделі, сараптау, бақылау. **ҰОҚ барысы:** **<u>ПЖО:</u>** «Төртінші артық» шарты¨балалар артығын тауып, өз таңдауын түсіндіреді. Мысалы Шырша, түймедағы, емен, аққайын. Не артық? Артығы түймедағы өйткені бқл гүл, қалғаны талдар. **<u>Құрылымдалған</u>**

	келесі жаққа айналдыру керек. /5-рет қайталау./ **Б.қ.: «Шеңбер»** **2.** Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны 1-2 деп санағанда алдымен екі жанға, содан соң алға, қайта екі жанға, содан соң артқа қолмен кең шеңберлер жасау керек; 3 - 4 есебінде алға қарай. /5 рет қайталау./ **Б.қ.: «Лентаны жасыр»** **3.** Аяқтары иық жалпақтығында, ленталар жанда, алдыға еңкейіп, ленталарды артқа созу «жасырдым» деп айту, шалқайып, қолды алдыға созу «міне-міне» деп айту. /5 рет қайталау./ **Б.қ.: «Жоғарыда-төменде»** **4.** Аяқтарын алшық қою, ленталар қолда. Лентаны жоғары созып «жоғарыда» деп айту, төменде түсіріп «төменде» деп айту. /6 рет қайталау./ **Б. қ.: «Лентаны ілу»** **5.** Аяқтарын алшақ қойып, тізе бүгу. Ленталар төменде. Орнынан тұрып, лентаны жоғары көтеріп, лентаны ілу қимылын жасау «ілдім» деп айту. /6 рет қайталау./ **Б.қ.: «Балерина»** **6.** Аяқтарын біріктіру. Ленталар жанда. 1- оң аяқты оң жаққа көтеру, сол қолды жоғары көтеру. 2- б.қ. 3- сол аяқты сол		1.Арқан жіптің үстімен жүру. 2.Ойлы-қырлы тақтаймен жүру Өнім арқылы саралау, тікелей бақылау, сыни ойлау, бала үні. **Қимылды ойын:** **«Көжектер мен түлкі»** Мақсаты: балаларды шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйрету. Командамаен жұмыс, креативтілік Балаларды мадақтайды.	**І.Кіріспе бөлім.** Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру **Негізгі бөлім:** **1.** Аяқтары алшақ , таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту. / 6 рет қайталау/ **Б. қ.: «Күш жинау»** **2.**Аяқтар алшақ қойылған, таяқша кеуде тұсында. Таяқшаны жоғары көтеріп- түсіру. /6 рет қайталау/ **Б.қ.: «Қайықшы»** **3.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды. Таяқшаны «ескек» сияқты ұстап, еседі. Таяқшаны жоғары-төмен көтереді. /6 рет қайталау/ **Б.қ.: ««Атлет»** **4.** Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуде тұсына ұстайды, 1- отырады, арқаны түзу ұстап, екі қолмен таяқшаны алға қарай көтереді, 2- тұрып қолды төмен түсіреді. 3- б.қ. (6 рет қайталау) **Б.қ.: «Өрмелеу»** **5.** Аяқтарын алшық қою, таяқша жанында тік ұстайды. 1- 4 отырып қолдарын кезектестіріп таяқшаның басына дейін көтеріледі. 5- б.қ. /6 рет қайталау./ **Б.қ.: «Құтқарушы таяқшасы»**	**ойын:** «Гүл құрастыр» Шарты: геометриялық пішіньерден гүл құрастырады. Балалар қзбетімен жұмыс жасайды. Қорытындылау: балалардың жұмыстарын тамашалау, мадақтау.

	жаққа көтеу, оң қолды жоғары көтеру. (6 рет қайталау.) **Б.қ.: «Көңілді ленталар»** **7.** Аяқтарын алшақ қою, ленталар жанда; аяқты көтеріп жүріп секіру. «Ля-ля-ля» деп айту. (10-15 секунд) **Тыныс алу жаттығулары:** Бала әтеш қанат қағады. Қолды бос жіберіп, тік тұрамыз. Қолымызды жоғары көтеріп, жанымызға ұстап, жамбасқа қойып қанат қағамыз. Демді ішке тартып, «ку-ка-ре-ку» деп шақырады. мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. Өнім арқылы саралау, тікелей бақылау, сыни ойлау, бала үні. **Қорытынды:** 4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. /ленталарды себетке салу/ шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру. **Негізгі қимыл-жаттығулары:** жаттығулары 1.Арқан жіптің үстімен жүру. 2.Ойлы-қырлы тақтаймен жүру Өнім арқылы саралау, тікелей бақылау, сыни ойлау, бала үні. **Қимылды ойын:** **«Көжектер мен түлкі»** Мақсаты: балаларды шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйрету. Командамаен жұмыс, креативтілік			**6.** Аяқтарын алшық қою, таяқша жанында жерде. 1 - екі қолмен таяқшаны ұстап, 2-3 серіппелі қимылмен отырып - тұру. 4- б.қ. (6 рет қайталау) **Б.қ.:** ««Бұғы» **7.** Аяқтарын түзу ұстайды. Таяқшаны желкеге қойып, екі аяққа кезекпен құлай жүгіру . (15-20 секунд) **Тыныс алу жаттығулары:** «Жұпар гүл» - мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. 4 к моделі, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау **Қорытынды:** 4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру./таяқшаларды үстел үстіне қою/ бір саппен шеңбер бойы жүру. Маршпен жүру. **Негізгі қимыл-жаттығулары:** 1. Сызықтардың үстінен қос аяқпен секіреді 2.Гимнастикалық орындық бойымен қолдарын белдеріне қойып, текшелерден аттап жүреді. Өнім арқылы саралау, тікелей бақылау, сыни ойлау, бала үні. **Қим ойын: «Ұстап ал!»** Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейін-дерін, байқағыштық-тарын, жүгіру дағды-ларын дамыту. Командамаен жұмыс, креативтілік. Қортынды	

	Балаларды мадақтау.			Балаларды мадақтау.	
Серуенге дайындық	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	**Серуен №7** **Бақылау**: Шынидағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру.Жылы сулы булар салқын терезелер шыныларына отырып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. **Жұмбақ.** Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). **Ырым**: Егер терезелердің екі әйнегі де буланса аяз күшейе түседі. **Қозғалыс ойындары.** «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халық ойыны) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойында өз әрекеті мен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту. **Еңбек қызметі:** Жолға су құю. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құюды үйрету. Еңбек етуді тәрбиелеу. **Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер.** **«Шынидағы қысқы ертегі»** Балалардың шағын ертегіні құрастыруда талаптануын мадақтау, көргендерін айта білу (керемет жапырақтар, ғажайып гүлдер, өрнектер). Алдын –ала болатын қызметке қызығушылығын арттыру. **Өздігінен қызмет.**Ойында өз	**Серуен №9** **Бақылау.**Қысқы табиғат құбылысы-бұрқасынмен балаларды таныстыру. Қатты жел соғып жер үстіндегі қарды айналдырса және шалғайды жаба түссе- бұны бұрқасын деп айтады және балаларға түсіндіру. Егер бұл уақытта қар жауса және омбылар пайда бола бастаса жолға шығуға болмайды. Адасып және үсіп кету мүмкін. Бірақ бұрқасын таза күндерінде де қар жаумай да бола береді. **Жұмбақ.** Қуып едім мойнын бұрмады, Ұстайын деп ем қолға тұрмады. (боран). **Ырым:** Соғып тұрған бұрқасын емес, аспаннан жауып тұрғанды қар дейді. Егер күннің жанында тұман болса-бұрқасын болады. **«Бұрқасын»**Тізбекте тұру, қарлы құрылғылар арасында жүре білу, тізбекті бұзбай жүру, білімдерін бекіту, әріптестеріменіс-қимылдарын келісе білуіне үйрету. **Еңбек қызметі:** Еңбек мазмұнын кеңейту, жануарларды әр сайын күтуін қамтамасыз ету.Адал еңбек етуге тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер.** **«Бұрқасын қандай?»** «Бұрқасын» сөзіне анықтама беруге балаларды үйрету. **Өздігінен қызмет:**Балалардың өзіндік ұжымын дамыту негізінде қарым-қатынастың жақсы формаларымен топтамаларын пайдалану. Белсенді балалар өз құрбыларының ынталарын	**Серуен №14**Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана,жұпаргүл, сарықарағаң, шие) ***Бақылау.***Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару (жапырақ жоқ), жапырақсыз ағаш бұталарының аспан түстес екендігіне назар аударту. Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні) ағаштың: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана,жұпаргүл, сарықарағаң, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру. Балаларды ағашқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. ***Көркем сөз.*** *«Қарағай» Тау баурайы -жағалай Биік-биік қарағай. Оқтай түзу бойлары, Шымыр өскен баладай.* **Жұмбақ** Жазда жатсаң-көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң -жаның рақат табады. (ағаш) **Тақпақ**«Қыс келбеті» М.Әлімбаев Аққу мамық ұлпа қар, Жамылады қырқалар. Шымшып аяз бетіңді, Ширатады етіңді. **Қимылды ойындар. «*Шаңғы жарысы*»** Дыбысқа деген іс-әрекетті бекіту (шанада отырып, аяқпен итеру; ішінен жатып, қолмен итеру).Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру. ***Еңбек әрекеті*** **Ағаш және бұта түптеріне қарды үю.** Ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге	**Серуен №16** Қардағы іздерді бақылай білу ***Бақылау*** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі крест сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. ***Көркем сөз*** *Ойын ойнап ,міне біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз.* **Жұмбақ** Мен кетемін, ол қалар. (із) . Сынып бір кете жаздайды. **«Қар»**, Т.Шопашов Жауды,міне,қар аппақ, Қазақ жері-сәніміз, Қазақ жері-бағымыз. Мәуесі мол бағымыз. Қойнауынан мөп-мөлдір, Саясында жетілер, Сусындайды жанымыз. Балдай бала шағымыз. **Қозғалыс ойындары «Нысана»** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу.Қызығушылықтарын арттыру. *Еңбек қызметі.* **Ұяны тазалау** Өз беттерінше және жауапкершілікпен ұяны тазалап, еңбектерін бағалай білуге үйрету. *Дидактикалық ойындар. Эксперименттер және тәжірибелер* **«Іздің құпиясын кім тез табады?»** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік	**Серуен №22** Мұзды бақылау ***Бақылау***Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру. Мұз бұл – қатты суқұрамы екендігін түсіндіру;мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады.Мұз құрамы- тұнық, суық, қатты екендігін атау. Өз жауаптарын анық қалыптастырып айтып, сөздік қорларын молайту ; қысқы су құбырларының сұлулығына сүйсіне білуге тәрбиелеу.Суды табиғаттың негізгі көзі ретінде ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. ***Көркем сөз*** Дала аппақ, жапалақтап Қар жауып тұр тынбастан Қалың орман қар жамылған Маужырайды түнгі аспан **Жұмбақ** Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) **Жаңылтпаш** Мұз үсті Ізі түсті. Қыз құстай ұшты. *Қозғалыс ойындары* **«Мұзды аулаға кіргіз»**Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату.Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру. *Еңбек әрекеті* **Табиғат бұрышында құстытамақтандыру** Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру).Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. *Дидактикалық ойындар. Эксперимент және тәжірибе*лер **«Жер! Су! Ауа! От!»** Балаларға сөздердің дұрыс

	әрекетімен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту. **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**	баспауын қадағалау, жасқаншақтарға ұялшақ балалардың ойнауына көмектесеміз. **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**	үйрету.Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелеу. *Дид. ойындар. Эксперимент және тәжірибе.* **«Ағаш па әлде бұта ма?»** Балаларға суреттеу арқылы ағаш па әлде бұта ма екенін тапқызу. Тапсырма. Аязды күндері ағаштың жарылуын тыңдау. **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**	қабілеттерін бекіту. **«Не себепті құстардың ізі, үзілетіндігін түсіндіру»** (құстар ұшады,қанатын және құйрығын ашқандықтан- қарда басқа із қалдырады). **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**	дыбысталуын үйрету (тәрбиеші-мұз, бала-су,тәрбиеші-құс, бала-ауа, тәрбиеші-от және т.б.) Тәжірибе. Мұздың еруі. Қорытынды жасап, сараптай білуге үйрету; тәжірибесінен алған қуанышты аша білу. **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**
	ҚЫСҚЫ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН.				
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу: Мөлдір су Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындыө				
Түскі ас	.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	**№91. Ояту** Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық 4 к моделі, бала үні	**№101.Ояну** Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық. 4 к моделі, бала үні	**№111. Ояну** Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық 4 к моделі, бала үні	**№ 12 1. Ояну** Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз 4 к моделі, бала үні	**№13. 1.Ояну** Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық. 4 к моделі, бала үні
	«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН.				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет.	Дид/ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты:Балалардың жыл мезгідері туралы біледі, жыл мезгілдерді атай алады. 4К моделі, саралау, бала үні	Сурет салу: «Сиқырлы қылқалам» Мақсаты: Қиялын ойлау қабілетін дамыту. 4К моделі, саралау, бала үні	Монтесории технологиясы Тіл дамыту аймағы: Көкөніс суреттерінің қиындыларын тауып , ретімен орналастыра алады. 4К моделі, саралау, бала үні	«Кеңістікті бағдарлау» «Оң және сол», «алдында-артында», «астында-үстінде» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай алады. 4К моделі, саралау, бала үні **В/К: «Балдырған музыкант»** Тақырыбы: «Музыка шеберханасы» (музыка жетекшісінің жоспары бойынша)	«Пішіндерді ажырат» Мақсаты: Балаларды әр түрлі пішіндерді ажырата алады. 4К моделі, саралау, бала үні
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Алихан, Нұрайым, Жалғас, Фатима Ойын жаттығу «Топтастыр» Құрылыс материалдарын	Диана, Мадина, Еңлік «Бұл қай кезде болады?» Табиғаттың маусымдық өзгерістерін атаф алады.	Ислам, Аяла, Айару Спорттық жаттығуларды орындаудың алғашқы техникаларын жасай алады.	Жансая, Раяна, Әміржан, Назым Боямақпен жұмыс. Қарындашты дұрыс ұстай алады.	Аяулым, Мадина, Гүлім, Нұрәлі «Мындай түсті не болады?» Түстерді ажыратып,

	пішіні және көлемі бойынша топтастыруға үйрету				атай алады.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	**Серуен №7** Шыныдағы өрнектерді бақылау **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**	**Серуен №9** Қысқы табиғат құбылысы-бұрқасын бақылау. **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**	**Серуен №14**Ағаш пен бұталарды бақылау**4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**	**Серуен №16** Қардағы іздерді бақылай**4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**	**Серуен №22** Мұзды бақылау **4К моделі, жаппай бақылау, бала үні**
	Таңғы серуенді қайталау				
Балаларды ң үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу .Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				

ЦИКЛОГРАММА
«Құлыншақ» ортаңғы тобы
бір аптаға 28.12-31.12. 2020жыл

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.12	Сейсенбі 29.12	Сәрсенбі 30.12	Бейсенбі 31.12	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдайды.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	**Құрылымдалған ойын:**«Табиғат құбылыстарын ата» Мақсаты: табиғат Құбылыстарын ажырата алады. 4К моделі, бала үні.	**Картотека №13** **Құрлымдалған ойын:** «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттен көрген жануарлардың аттарын айта алады, олардың қайда өмір сүретінін айтады. **4К моделі, бала үні**	**Құрлымдалған ойын: «Орнын тап»** **Мақсаты:** балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтып, суреттен таба алады. \4К моделі, бала үні.	**Құрлымдалған ойын: «Телефон»** **Мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты сөйлеуді жетілдіруді айтады.. **4К моделі, бала үні.**	
	Таным саласы картотекасынан				
Таңертеңгі гимнастика	Таңғы жаттығулар кешені №8 **Мақсаты:** Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдайды.				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу «Таза қолдар». Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелейді. Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулиды.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындайды.				
